

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)	“Бөбек лүпілі” жеке меншік балабақшасы				
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	“Балдырған”				
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Касымханова Д.Е				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	30.01- 03.02.2023 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "1-2-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "1-2 жасар				

әңгімелесу, кеңес беру	баланың қызығушылықтары".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы балықтарға жем беруге шақыру (денсаулықтарына рұқсатты ескеру); балықтардың су астындағы тіршілігін бақылауға ынталандыру; қамқорлыққа тәрбиелеу.	"Үстел-үсті ойыны" Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту; ұсақ ойыншықтар мен заттарды өз қораптарына салуды ұсыну, қадағалау, мақтау; ойыншықтармен ойнағанда тазалық сақтау туралы түсіндіру.	"Ойын бұрышы" Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтардың бірін өз еркімен алып, қалағанын педагогке айтып, ойнап болғаннан кейін өз орнына жинауға ынталандыру, мақтау.	"Жуыну әдебі" Мақсат-міндеттер. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебін игерту: қолдарын өздігінен сабындауды, су ағымы астына қойып, қысуды қадағалау; өз орамалының орнын табуға ынталандыру, мақтау.	"Табиғат бұрышы" Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус, бальзамин, аспидистра жапырақтарының (қою жасыл, ашық жасыл) түстеріне көңіл аудару, суару, бақылау.
	Тақпақты мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. "Шай ішуге шақырамын". Мақсат-міндеттер. Балаларға мысық, күшік, тауық сияқты жануарлар мен құсты шақыратын сөздерді айтқызып, жағымды	"Жіптерді ыдыстарға түстеріне сай жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер. Балалардың түстерді қабылдау және ажырату сенсорлық қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын	"Дастарқанды жаямыз" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды түрлі-түсті ыдыстар мен құралдардан тек түсі бірдей жинақтамаларды құрастыру дағдыларына баулу;	"Қоян қайда?" дамытушы ойыны. Балаларды қоян ойыншығының қайда жасырынғанын байқату, отырған орнын "эне", "міне", "анда", "бұнда" "бар", "жоқ" сөздерін қолдануға ынталандыру;	Саусақ жаттығуы. "Домалайды, домалайды". Мақсат-міндеттер. Балаларды сөздерді және саусақтармен қимылдарды қайталауға ынталандыру; қуанышқа бөлену қабілеттерін,

эмоцияларын дамыту, тілін жаттықтыру; үй жануарлары адамның жанында болатыны туралы ұғымдарды қалыптастыру. - Шай ішуге шақырамын Қош келдіңдер, қонақтарым! Кел, кел, мысық, Кел, кел, күшік, Кел, кел, тауық, Орын дайын. Мысық, кіс-кіс, Күшік, кә-кә, Тауық, шиип-шиип, Шайым дайын. Мысыққа қаймақ, Күшікке жілік, Тауыққа бидай. Ал, шайды кім ішеді? Д. Ахметова	дамыту, жасалған жаттығудан жағымды әсер алуға ынталандыру. Құралдар: түрлі-түсті жіптің орамдары; жіптердің әр түсі үштен кем емес болуы керек. Шарты: жіптерді бірыңғай түстер бойынша төрт себетке топтастыру. (сенсорика)	ыдыстарды адамның алдына қалай орналастыратыны туралы ұғымдарды қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдар: қатпа қағаздан қиылған бокал (кесе), қасық және табақша түрлі-түсті кескіндерінің бір-бірімен араласқан жинақтамалары. Шарты: әрбір бала қолына алған ыдыс-құралының түсіне сай жинақтамасын құрастырып, алдына табақшаны, ал табақшадан әрі қарай бокалды (кесені), қасықты табақшаның оң жағына орналастыру.	жағымды әсер алуға мүмкіндіктер жасау. Шарты: ойын бөлмесінде жасырынған қоянның орнын, белгілі сілтеу есімдіктерін айтып атау. - Балалар, бізде қонақта қоян. - Қоян бізбен ойнағысы келеді. - Ол жасырынса, тауып алу керек. Мен "Қоян қайда?" деп сұрасам, оны "әне", "міне," "анда" сияқты жауаптар қайтарамыз. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова	түйсіктерін дамыту. - Домалайды, домалайды, (жұдырықтарын алдына ұстап айналдыру) Орнында тұрып қалмайды. (саусақпен бұлғау) Оң жақ қолмен ұстап ал, (оң жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Сол жақ қолмен ұстап ал. (сол жаққа бұрылып, шапалақ қағу) Отырып ұстайсың ба? (шоқайып, шапалақ қағу) Айналып ұстайсың ба? (тұрып, айналу) Ұстатпайды - (саусақпен бұлғау) Домалайды. (жұдырықтарын алдына қойып
--	--	--	---	--

	(көркем әдебиет)	Нәтижесінде әрбір баланың алдында түсі тек қызыл (көк, жасыл, сары) ыдыс-аяқ құралдарының жинағы болады. Педагог мысық ойыншығын көрсетіп, балалардан мысыққа көмектесулерін сұрайды. Сарғыш Марғау қонақжай, үйі оның тап-таза, Сөрелерде ыдыстар, тартпаларда қасықтар. Тап-таза ағаш еден, жайылған теп-тегіс кілем. Гүлдер терезе алдында, өсіп тұр жайқала, Әркімге тәтті тамақ: жаңғақ, қуырдақ, жапырақ.	Көркем сөзінен кейін, педагог балаларды өзімен бірге ертіп жүріп, ойыншықтың орнын тауып жатып, балаларға қоянның отырған орнын айтқызады. (сөйлеуді дамыту)	айналдыру) Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)
--	------------------	--	---	--

			Кел, қонағым, үйіме: тиын, күшіктер, көжек. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		
Таңертеңгі жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар 1. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын алда ұстау; 1–1 жалауды жоғары көтеріп, оңға және солға желпу (6-8 рет қайталау); 1–2 бастапқы қалыпқа келу. 2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауды екі қолмен ұстау; 2–1 жерге отырып, жалауды иық тұсына қою; тұрып, жалауды алға қою (4-5 рет қайталау); 2– 2 бастапқы қалыпқа келу; 3. Екі жалаушаны бір қолға ұстап, бір орында 20-30 сек. секіру. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табақшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою . (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған	Балаларға жайлы эмоциялық ахуалды ұйымдастыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосуға				

іс-әрекетке дайындық	болады. Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. Балыққа ұқсап - жүземіз, Марғауға ұқсап жүреміз, Құлыншақтай секіреміз, Бір-бірімізге сәлем беріп, иілеміз. (сөйлеуді дамыту)				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Доғадан еңбектеп өту". Мақсат-міндеттер. Балаларды бір сапқа тұрғызып, бірінің артынан бірін екі қолға жалау ұстатып жүргізу және педагогтың белгі беруі бойынша жалауларды жоғары көтеріп, аяқтың ұшымен жүру; қалыпты жағдайдан белгі бойынша шашырау және бастапқы қалыпқа келу, жалауларды түсіріп, еденді	Музыка "Қошақан". Мақсат-міндеттер. Балаларда музыканы тыңдай отырып, ерекше көңіл күйге бөлену сезіміне үйрету; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына машықтандыру; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру; қоршаған орта туралы түсінік беру. Балаларда музыканы сай тыңдай отырып,	Дене шынықтыру "Марғау ұқсап еңбектейміз". Мақсат-міндеттер. Балаларды доппен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын жасауда ептіліктерін дамыту; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту іскерліктерін пысықтау; қимылды ойын арқылы балалардың шеңберге еңбектеп кіру дағдыларын дамыту; өткен	Дене шынықтыру "Мен спортшы боламын!" Мақсат-міндеттер. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүріп өту қимылына жаттықтыру; биіктен қос аяқпен секіре білу жаттығуына үйрету; балаларды шапшаңдық пен ептілік, жинақылық дағдыларына баулу. Балаларды гимнастикалық орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтай,	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Бауырсақ". Мақсат-міндеттер. Балаларға "Бауырсақ" ертегісінің кейіпкері Бауырсақ туралы баяндап, олардың дөңгелек пішін туралы түсініктерін пысықтау. Балаларға ермексазды екі алақан арасына салып, дөңгелектеудің тәсіліне үйрету; мүсіндеу барысында саусақтарды тіке созып отыруды

	тарсылдату іскерліктерін жетілдіру; жалаумен орындалатын жалпы дамыту жаттығуларын орындау; доғадан еңбектеп өту; доғадан төрт тағандап еңбектеп өту.	ерекше көңіл күйге бөлену сезімін дамыту; әнді тыңдап, сипатын ажырата білу дағдыларына үйрету; көңілді музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасай білу іскерліктерін жетілдіру.	ұйымдастырылған іс- әрекетін пысықтау, қорытындылау.	жүріп өту қимылына жаттықтыра отырып, машықтандыру; биіктен қос аяқпен секіре білу дағдысын және дене, аяқ бұлшық еттерін дамыту; ұйымдастырылған іс- әрекетіне қатысу қызығушылығын арттыру.	жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және елестету қабілетін дамыту. Балалардың ертегі әлеміне деген тұрақты қызығушылығын арттыру, төзімділікке тәрбиелеу.
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балаларға көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері	Қарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды қардың аяқтың астында, жерде жатқанын айтқызып, оны аяқпен басқанда іздердің қалуын байқауға үйрету. - Із қалады, қарды	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды ағаштың бұталарына қарап, желдің болғанын байқауға үйрету; байқағыштыққа, зеректікке тәрбиелеу. - Балалар, жел соғып тұр ма?	Күнді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер. Балаларды күннің аспанда орналасуын және жарқырағанын байқап, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда, қолдарын жайып, жоғары	Қоян ойыншығын бақылау (ақ қоян). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың көңілін қоянның тоны ақ, құлағы ұзын екеніне, қимылдарына назар аударту; қоянның қимылдарын, көркем

айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту. Машиналар жүреді ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхана орындықтарын қардан тазалауға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Торғай мен автомобильдер"	басса - Іздер жатыр жолақ ұқсап. - Балалар, қардың түсі қандай? - Қарды үстінен жүрсе, не қалады? - Иә, іздер қалады. - Іздер жолаққа айналды. Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды қарды күректермен күреп, жүруге арналған жолдарды жасауға шақыру. (еңбекке дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; жағымды	- Ағаштардың бұтақтарына қарайықшы. - Жел соғып, бізбен ойнайды, Ағаш пен бұтақты шайқайды. Ары-бері шайқайды, - Ш-ш-ш - деп дыбыстайды. - Желдің дыбысын біз қалай көрсетеміз? - Иә, "ш-ш-ш" дейміз. - Жарайсыңдар! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	созып, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан-жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды учаскедегі жемшашарларды жемге толтыруға шақыру. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің	сөздерге еліктеп, өздігінен жасауға ынталандыру, жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін дамыту. Педагог ақ қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. Балаларға оның ақ терісі мен ұзын құлағы туралы сұрақтарды қойып, жауапты қайтаруға ынталандырады. - Қоян құлақтарын қалай қимылдатады? - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсыңдар! - Қараңдаршы, ақ қоян жылы ақ тонын киіп алды. Қоян қуанып қалды. Сендерді бірге
--	--	--	--	--

	қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балалардың сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре алу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді. - Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші. Педагог балаларға торғайлар сияқты қанаттарын (қолдарын) жан-жаққа жайып,	эмоцияларды дамыту. "Қарлы жолдарды басайық" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсаты. Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, жүрігіп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөз бен қимылдарды орындауға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып	"Мысық пен тышқандар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды сигналмен қозғалу әдебіне үйрету; жан-жаққа шашылып жүгіру қабілетін қалыптастыру; ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Педагог балалар үшін "тышқандардың інін" белгілеп қояды. - Балалар, сендер тышқандарсындар. Тышқандар інде тыныш отырады. Тышқандар аулаға шығып та ойнайды. - Тышқандай қалай жүгіріп ойнады? Көрсетейікші. Тамаша.	үлгісіне еріп, құстарға қамқорлық жасауға баулу; қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. "Жүрейік" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер. Балаларды саппен, бір-біріне соғылмай, белгілі бағытта ырғақпен марш басып жүру дағдысын қалыптастыру, достыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. - Жүрейік, жүрейік, Қолды көкке сермейік, Күнге сәлем берейік,	ойнауға шақырады. - Қоян қорқақ, Ұзын құлақ. Бұта түбінде, Қасқырға көрінбей, Ақ қарда жатыр, Тыныш қана, үндемей. Д. Ахметова Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттер: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларға шеңбер
--	--	--	---	---	--

бұлғауды көрсетеді. - Жарайсыңдар! - Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды. - Қалай шоқитынын көрсетейікші. Педагог балаларға торғайлардың шоқайып отырып жем шоқығанын, саусақтарымен тізесіне соққылап көрсетеді. - Жарайсыңдар! Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді. - Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап,	барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Ал енді біз жүгірейік, Саптан қалмай, үлгерейік. Жүгір, жүгір, балақай! Саптан қалма, балақай! Жүгіріп болдық, жүрейік, Тыныс алып, үлгерейік. Тыныс алып болайық, Қадам басып, тоқтайық ... Д. Ахметова "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға (қарды) дәлдеп ата білу, ептілік,	- Балалар, тышқандар мысықтан қорқады. Мысық шықса - тышқандар інге жүгіріп, тығылады. - Қанекей, орындарымызға барып, отырайықшы. Педагог көркем сөзді қолданады. - Тышқандар інге сыймайды, Тесіктерден сығалайды. Ешкім жоқ болса олар Аулаға шығып ойнайды. Ай-ай-ай! Тышқандар-ай, Жақындайды мысықай! Шеңберден асыңдар, Қашыңдар! Д. Ахметова Соңғы сөздерді айтқанда, педагог ойыншық мысықты	Шапалақтап, күлейік. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі. Педагог балалардың жүрудегі қауіпсіздігін бақылай жүреді. "Өткеншек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды шеңберге тұрып, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен.	бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Допты (қарды)
--	---	--	--	--

	автомобильді көрсетеді, аланда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Ұшыңдар жан-жаққа: - Ұш, ұш! Ойын екі рет ойнатылады. "Аяқ ұшына тұрып, ақырын жүрейік" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балалардың бір сапта, бір бағытқа қарай аяқ ұшымен жүре білу қабілетін дамыту; аяқ бұлшық еттерін, дене тепе-теңдігін дамыту, тыныс алу мүшелерін жетілдіру.	мергенділік қабілеттерін дамыту.	қолға ұстап шығарады. Балалардың бір-біріне соғылмауын ескеріп, дауыс күшін реттеу керек. Ойын екі рет ойнатылуы мүмкін. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алға қарай жылжи отырып, қос аяқпен секіруге жаттықтыру.		қағып ал" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу.
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту.				

	Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар)
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың жағымды эмоцияларын тудыру үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу; тамақтану рәсімін ұстануға қызығушылық тудыру. Қасығымыз қайда? Табакшамыз қайда? Өзіме жақын тартайық, Тамақты тауысып алайық. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарақ, түбек) киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту)
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау.
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Тақпақ-оятпақ: "Әтеш". Жата ғой, жата ғой, Демалып, ұйықтай ғой. Төсекте: Әтеш ұйықтайды" -б.қ. арқада жатып, қолды бастан жоғары созу, аяқ бірге. Бір қолды жоғары, созылу, әтеш оянды. 3р. Әтеш бидай іздейді"- б.қ. отырып, аяқты айқастыру, қол белде, басты солға, алға, солға еңкейту. 3р. Әтеш су ішеді"- б.қ. өкшеде отырып, қол түсірулі, тізерлеп тұру, қол жоғары, алға және астыға қол созып еңкею, б.қ. оралу. Әтеш секіреді" -б.қ. аяқ бірге, қол белде. 20с. (дене шынықтыру)

Бесін ас	"Біз қалай тамақтанамыз" ойын жағдаяты. Дастарқан басында тыныш, түзу қалыпта отыру, қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ алу, қасықтың кең жағынан ішіп-жеу, сораптамай және бөгде дыбыстар шығармай тамақтануға үйрету, өздігінен ұқыпты тамақтануға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Ала Марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларға қағаз бетіндегі мысық сұлбасын бақылата отырып, ұзындығы мысық денесінің жуандығына сай келетін сызықтардың салыну тәсілін үйрету; қылқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, мысық денесінің бойын жоғарыдан төмен қарай қысқа сызықтармен толтыруға дағдыландыру; сызықтарды біркелкі	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Ыдыстар". Мақсат-міндеттер. Балаларды әртүрлі заттарды ортақ сенсорикалық сипаты, көлемі мен пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету; көлемі әртүрлі табакшаларды өзара салыстыруға дағдыландыру; пішіндері мен көлемдері біркелкі заттарды жинау қабілеттерін арттыру. Балалардың сенсорлық эталондарды	Саусақ жаттығуы. "Біз текшені жинаймыз". Мақсат-міндеттер. Балаларды текшелермен ойындар алдында саусақтарын жаттықтыруға ынталандыру; қолдардың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Біз текшені жинаймыз, Мұнараны құраймыз. Жұдырыққа жұдырық Қоямыз, санаймыз. Бір, екі, үш, төрт,	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жіппен ойнаған марғау". Мақсат-міндеттер. Балаларды мысықтың баласы марғаумен таныстыра отырып, оның дене құрылымы мен қимылын атауға үйрету; мысық пен марғаудың жануарлар әлемі мен адам өмірінде алатын орны туралы қысқаша түсінік беру. Ойын-имитация. "Күшіктердің	"Шұбар тауық" ертегісін үстел театры арқылы сахналау. Мақсат-міндеттер. Балаларға шұбар тауық туралы ертегінің желісін пысықтау, басты кейіпкерлердің сөздерін айтқызып, ертегінің аяғында пайда болған оқиғаға жағымды көңіл-күймен жауап беруге ынталандыру. Құралдар: "Шұбар тауық" ертегісі желісінде кездесетін кейіпкерлердің тіреушелерде тұрған кескіндері, үстел

	қимылмен сол жақтан оңға қарай жүргізіп отыруға жаттықтыру; қылқалам ұшы мен сызықтар бағытына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне жеткізіп, келесі жаңа жерге ауыса білу қабілетін қалыптастыру; педагогтіы үлгісіне ойын арқылы ілесіп отыруға талпындыру; мысық туралы қысқаша түсінік беру. "Сыяды-сыймайды" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды заттардың үлкен және кішкентай болуы туралы ұғымдарын қалыптастыру; үлкен	қабылдау және ажырату мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен танымын және эмоциялық сезімін дамыту. Ойын-имитация. "Қайсысы, қалай ішеді?" Мақсат-міндеттер. Балалардың жылқының су ішкен кездегі қылықтары жөніндегі ұғымдарын игерту; педагогтің сөздерін тыңдап, жануардың су ішу қимылдарына еліктеуге қызықтыру. Құралдар: балаларға құлыншақ маскаларын кигізу, ойыншық шелек немесе өзге ыдыс ойыншықтарын	Бір, екі, үш, төрт, Жұдырыққа жұдырық, Биікке қалаймыз. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика) Текшелерден мұнараны құрастыру. Жинайық, жинайық, Мұнараны құрайық. Үлкенінің үстіне орташасын, Оның үстіне кішкентай данасын, Қоямыз да Дананы қуантамыз. (құрастыру)	жүрісі". Мақсат-міндеттер. Балаларды күшіктердің қимылдарына педагогтің көрсетуімен еліктей білуге машықтандыру; жағымды эмоцияларды дамыту. Күшіктерім жүреді, (тізені жоғары көтеріп, марш басу) Буындарын бүгеді, Бір, екі, бір, екі, Буындарын бүгеді. Күшіктер ытқып шығады, (бір аяқтан екіншіге, оң-солға кезекпен секіру) Ары-бері қозғалады. Бір, екі, бір, екі, Ары-бері қозғалады. Күшіктер табан	театры ширмасы. Педагог балаларға басында көркем сөз оқып береді. - Бар менің тауығым, Күнде жем пашамын. Жұмыртқа табуын Асыға тосамын. Б. Қозыкеев "Менің үй жануарым" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)
--	---	---	--	--	--

	және кішкентай ойыншықтарды, заттардың көлемдеріне сай үлкен және кішкентай қорапшаларға жинауға жаттықтыру; дұрыс орындалған тапсырма нәтижесінен жағымды әсер алу қабілетін дамыту. Педагог алдымен балаларға үлкен және кішкентай қорапшаларды көрсетеді. Балалардың бір-бірінен соң шығып, бір ойыншықтан алып, көлеміне қарай екі қорапқа салады. Балалар өз әрекеттерін "сыяды" және "сыймайды" сөздерімен	ұсыну. "Жылқы қалай ішеді?" - Жан-жағына елеңдеп, Үзіп-үзіп ішеді. Тұнық суға тереңдеп, Жүзіп-жүзіп ішеді. - Себебі не сондағы - Тым талғампаз болғаны. С. Боранбаев		тіреді, (орнында тұрып, денені төмен түсіріп бұраңдау, көтеріліп бұраңдау) Құйрықпен ойнап, билейді, Сілкіп-сілкіп, Сілкіп-сілкіп, Құйрықпен ойнап, билейді. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
--	---	---	--	--	--

	сүйемелдейді. "Менің үй жануарым" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттер. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; үй жануарлары мен тағы басқа аңдардың шығаратын дыбыстарын қабылдауға, ажыратуға, еліктеуіш сөздерді айтуға ынталандыру. (музыка, көркем әдебиет)				
Балалармен жеке жұмыс	"Көңілді саусақтар" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, жағымды	"Акула балақай" атты мультфильмінің үзіндісін көру. Мақсат-міндеттер. Бас кейіпкерлердің атауларын есте	Мақсат-міндеттер. Фланелеграфта шарларды орналастыру. (жапсыру)	"Дұрыс орналастыр" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жылдам қимылдауды қалыптастыру.	"Балық". Мақсат-міндеттер. Ермексаздан кесектерді үзіп, жұлу, есу, шымшу амалдарын игерту. (мүсіндеу)

	эмоцияларды дамыту, ересекке деген сенімділікті арттыру. Оң қолымда бес саусақ (Оң қолының саусақтарын көрсету) Сол қолымда бес саусақ (Сол қолдың саусақтарын көрсету) Бәрін қоссақ – он саусақ (Екі қолының саусақтарын қосу) Оң аяқпен секіремін (Екі аяқпен кезек секіру) Сол аяқпен секіремін (Орында жүру) (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	сақтауға, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру; жағымды эмоцияларды дамыту. (сөйлеуді дамыту)		Үлкен қорапқа текшелер мен шарларды салу. Шарларды бір қорапқа, ал екінші қорапқа текшелерді салу керек. (сенсорика)	
Серуенге дайындық	"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы". Мақсат-міндеттері: балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Түскі уақыттаға серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				

Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (дербес қимыл әрекеті)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер. Балалардың назарын кітапты қарап отырған балаға аудару. Балалармен бірге балалар әдебиетінің шығармаларына арналған иллюстрацияларды қарау. Кітаптардағы суреттерді қарау, ондағы таныс заттарды атау, педагогтің өтініші бойынша суреттен заттарды тауып, сұрақ қою: «Бұл кім (не)?», «Не істеді?». Қарапайым сюжеттік суреттердің мазмұнын айтып беру. Кейіпкерлердің әрекеттерін (қимылдарын) қайталатып ойнату. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Мақсат-міндеттер. Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Ән айтуға деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айту. Қарапайым би қимылдарын орындау: денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию, қолдарды сермеу. Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояу, аққала мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу) Мақсат-міндеттер. Қарапайым және күрделі пішінді заттарды мүсіндеудің техникалық дағдыларын қалыптастыру: кесені, тостағанды, табақты мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, тереңдету, кесектерді біріктіру, қуыршаққа арналған әшекейлерді (білезік, жүзік, қол сағат) мүсіндеу, заттардың ұқсастықтарын табу. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинау. Үстел-үсті ойындар, саусақ моторикасын дамытатын ойындар ойнату. (сенсорика) Мақсат-міндеттер. Берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атау.
Балалардың үйге	Әңгімелесу: "Баланың күн тәртібі және тәрбиесі", "2-3-жасар бала қандай талаптарды түсінеді?", "2-3 жасар

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	баланың қызығушылықтары".
------------------------------------	---------------------------

Тексерген: Бекишева М.А. 